

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТИ**  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aues.kz

**ХАТТАМА**

« 29 » \_\_\_\_\_ 11 \_\_\_\_\_ 2022 ж./г.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
**АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**  
имени Гумарбека Даукеева  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aues.kz

**ПРОТОКОЛ**

№ 2 \_\_\_\_\_

**Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті базасында «Телекоммуникациялар, Инженерия және инженерлік іс (Ғарыштық техника және технологиялар)» және «Инженерия және инженерлік іс (Электр энергетикасы және жылу энергетикасы)» мамандарын даярлау бағыттары бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (РОӘК ОӘБ - ЖБТ) оқу-әдістемелік бірлестігі – жобаларды басқару топтары отырысының хаттамасы**

Төрағалық етті – С.В. Коньшин, РОӘК ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары  
Қатысқандар: РОӘК ОӘБ ЖБТ 36 мүшесінің 21-і

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. ҚР ҒЖБМ тапсырмасы бойынша қазақ тіліне орталықтандырылған аударма үшін «Coursera» курстарын енгізуді талқылау. *Баяндамашы - С.В. Коньшин, РОӘК ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары.*
2. Әртүрлі

**1. ТЫҢДАЛДЫ:** РОӘК ОӘБ-ЖБТ төрағасының орындасары С.В.Коньшин ҚР ҒЖБМ тапсырмасына сәйкес «Телекоммуникация, Инженерия және инженерлік іс (Ғарыштық техника және технологиялар)» және «Инженерия және инженерлік іс (Электр энергетикасы және Жылу энергетикасы)» кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Coursera» білім беру платформасынан курстардың тізбесін ұсынудың және оларды қазақ тіліне орталықтандырылған аударудың қажеттілігін мәлімдеді. Бұл курстарды аударуды қаржыландыруды «Қазақстан халқына» ҚСФ жүзеге асырады.

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің базасындағы РОӘК ОӘБ-ЖБТ-нің барлық мүшелері талқылауға қатысты.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** ұсынылатын курстардың тізбесі (тізім қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Дауыс беру нәтижесі: жақтаған – 21, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.  
Қаулы бірауыздан қабылданды.

**ТЫҢДАЛДЫ:** РОӘК ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары С.В. Коньшин келесі мәселелер бойынша:

– Қазақ тіліндегі «Электр өткізгіштер, диэлектриктер және жартылай өткізгіштер» атты оқу құралын (авторлар: Г.Н. Утепов, К.Т. Куптлеуова, көлемі – 9,0 б.б) басып шығару және РОӘК ОӘБ-ЖБТ таңбасын беру ұсынысы туралы (Ғылыми кеңестің үзінді-көшірмесі мен ұсынысы қоса берілген);

– Қазақ тіліндегі «Телетрафика теориясы» атты оқу құралын (авторлар: А.Д. Мехтиев, Т.Г. Сериков, Н.К. Алмуратова, Е.Ж. Сарсикеев, А.Д. Алькина, З.Б. Хамзина, көлемі – 5,4 б.б.) басып шығару және РОӘК ОӘБ-ЖБТ таңбасын беру ұсынысы туралы (Ғылыми кеңестің үзіндісі мен ұсынысы қоса берілген);

– Ағылшын тіліндегі «Electrical communication theory. Part I.» атты оқу құралын (авторлар: A.D. Mekhtiyev, T.G. Serikov, N. K. Almuratova, Ye.Zh. Sarsikeyev, A.D. Alkina, Z.B. Khamzina, көлемі – 5,1 б.б.) басып шығару және РОӘК ОӘБ-ЖБТ таңбасын беру ұсынысы туралы (Ғылыми кеңестің үзіндісі мен ұсынысы қоса берілген).

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Ұсынылған оқу құралдары мен оқулыққа РОӘК ОӘБ-ЖБТ таңбасы берілсін:

– Қазақ тіліндегі «Электр өткізгіштер, диэлектриктер және жартылай өткізгіштер» атты оқу құралына, авторлар: Г.Н. Утепов, К.Т. Куптлеуова, көлемі – 9,0 б.б.

– Қазақ тіліндегі «Телетрафика теориясы» атты оқу құралына, авторлар: А.Д. Мехтиев, Т.Г. Сериков, Н.К. Алмуратова, Е.Ж. Сарсикеев, А.Д. Алькина, З.Б. Хамзина, көлемі – 5,4 б.б.

– Ағылшын тіліндегі «Electrical communication theory. Part I.» атты оқу құралына, авторлар: A.D. Mekhtiyev, T.G. Serikov, N. K. Almuratova, Ye.Zh. Sarsikeyev, A.D. Alkina, Z.B. Khamzina Соболева, көлемі – 5,1.

Дауыс беру нәтижесі: жақтаған – 21, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.  
Қаулы бірауыздан қабылданды.

**РОӘК ОӘБ-ЖБТ**  
төрағасының орынбасары

**РОӘК ОӘБ ЖБТ хатшысы**



**С. Коньшин**

**Л. Утешкалиева**